TÜRKPA
PARLIAMENTARY ASSEMBLY OF TURKIC-SPEAKING COUNTRIES

ТҮРКІТІЛДЕС ЕЛДЕРДІҢ ПАРЛАМЕНТТІК АССАМБЛЕЯСЫ

ӘЛЕУМЕТТІК, МӘДЕНИ-ГУМАНИТАРЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯ

ТОҒЫЗЫНШЫ ОТЫРЫС

Баку қаласы, 2022 жылғы 22 сәуір

“ТҮРКПА МҮШЕ ЕЛДЕРІНДЕ ӘЛЕУМЕТТІК КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ”

ЕСЕП

I. КІРІСПЕ

1. Қазақстанның Түркістан қаласында өткен ТүркПА-ның 10-шы пленарлық сессиясы барысында қабылданған Хатшылықтың 2022 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес ТүркПА Әлеуметтік, мәдени-гуманитарлық мәселелер жөніндегі комиссиясының тоғызыншы отырысының күн тәртібінің негізгі тармағы ретінде «ТүркПА мүше елдерінде әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдау» тақырыбын қарастыру туралы шешім қабылданды.
2. Кедейшілікпен күрес – әлемдік қауымдастықтың күн тәртібіндегі басты мәселе екені белгілі. Жалғасып жатқан COVID-19 пандемиясы жағдайында елдер үшін халықтың әл-ауқатының қол жеткізілген деңгейін ұстап тұру қиын. Үмітсіз кедейлікке душар болған адамдардың саны артып келеді. Бұл жағдай оның ең нашар сценарийінде қоғамның деструктивті элементтерін және радикалды топтарын тудыруы мүмкін, сондай-ақ балалар кедейлігінің өршуіне, тәуелділік атмосферасы мен жағдайдың үмітсіздігіне әкелуі мүмкін. Өкінішке орай, әртүрлі дәрежедегі мүгедектер, бір ата-анасы бар толық емес отбасылар, табысы аз көпбалалы отбасылар, жетімдер, әсіресе олардың кәмелет жасына толғандары, әлеуметтенуде қиыналатын жандар, түрмеден бостандыққа

шыққан адамдар және солар сияқты халықтың әлеуметтік осал топтары негізгі тәуекел тобы болып қала береді.

3. Сондықтан халықтың осы тобы үшін оларды қоғамдық игіліктердің өндірісіне қатысуларын ынталандыру, қоғамдық өмірге қатысуға шақыру шешуші мәнге ие. Мемлекет оларды кәсіпкерлік қызметке тарту үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға тиіс.
4. Халықтың әлеуметтік осал топтарын кәсіпкерлік қызметке тарту әлеуметтік жағдайды жақсартуға ықпал ете отырып, әлеуметтік проблемаларды шешуге көмектесіп, кедейлікті жою процесінде үлкен септігін тигізеді, сондай-ақ кедейлерді, әйелдер мен жастарды қоса алғанда, әлеуметтік осал топтар үшін кешенді оң әсерді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ мұндай тәсіл экономикалық өсуді ынталандыру, өндірістік әлеуетті нығайту және жұмыспен қамтуға жәрдемдесу арқылы тұрақты дамуды қамтамасыз етуге елеулі үлес қоса алатыны маңызды.
5. 2018 жылғы 20 желтоқсанда БҰҰ-ның Тұрақты даму мүддесіндегі кәсіпкерлік жөніндегі Бас Ассамблеясы қабылдаған қарар тұрақты және инклюзивті дамуға көшудегі кәсіпкерлер мен кәсіпорындардың орталық рөлін растады. Қарарда кәсіпкерлік жұмыс орындарын құру және инновацияларды ілгерілету арқылы экономикалық өсуді ынталандыратыны мойындалады. Сонымен қатар, құжатта қоғамның біртұтастығын қалыптастыруға, теңсіздікті азайтуға және барлық адамдар үшін, соның ішінде әйелдер, жастар, мүгедектер мен халықтың осал топтары үшін мүмкіндіктерді кеңейтуге кәсіпкерліктің оң үлесі танылады.
6. Осыған байланысты инклюзивті өсуді қамтамасыз ету мақсатында кәсіпкерлікті дамытудың басым бағыттарын, атап айтқанда әлеуметтік кәсіпкерлікті, сондай-ақ кәсіпкерлік бағдарламалары шеңберінде әйелдер мен жастар сияқты әлеуметтік осал топтардың экономикалық құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту бағытын айқындау маңызды.
7. Кәсіпкерлік саласындағы өндірістік әлеуетті нығайтуға ықпал ететін және кедейлік ауқымын ұзақ мерзімді қысқартуға байланысты саясатты тиімді іске асыруды қамтамасыз ету үшін еңбек өнімділігінің өсуін жеделдету жөніндегі мақсатты іс-шаралар оны инклюзивті және тұрақты негізге ауыстыра отырып, сондай-ақ халықтың осал топтарын қорғаудың және әлеуметтік интеграцияны көтермелеудің қажетті кепілдіктерін қамтамасыз ету керек. Бұл тұрғыда, мысалы, ақпараттық-

коммуникациялық технологияларды қолдануға халықтың осал топтарын тарту шешімдердің бірі болуы мүмкін.

8. Әлсіз топтағы кәсіпкерлер инкубация мен акселерацияны қоса алғанда, бизнесті оқыту және дамыту жөніндегі базалық қызметтерге мұқтаж. Осыған байланысты халықтың осы топтарын қолдауға кешенді мемлекеттік тәсіл қажет.
9. Халықтың әлеуметтік осал топтары тұрақты кедейшілікке барынша бейім, бұл әлеуметтік дамудан алшақтау, дәрменсіздік, тәуелділік және тиесілі еместік сезімін қалыптастыруға әкелуі мүмкін. Ең сорақысы, бұл жағдай жас ұрпаққа берілуі мүмкін, олар өз жағдайын еңсерілмейтін деп қабылдап, нәтижесінде түңілу мен үмітсіздік оларды жұтып қояды. Сайып келгенде, бұл маргиналдылықтың тұрақты сезіміне, өзінің төмендігіне және қоғам игілігі тұрғысынан жеке түкке тұрғысыздығына әкелуі мүмкін. Бұл сезімдер осы топтағы адамдардың санасында неғұрлым тереңірек енсе, соғұрлым олар девиантты мінез-құлыққа бейім болады, ал ең нашар жағдайда қоғамның деструктивті элементтерінің құрамдас бөлігі ретінде дамып, қоғамды тұрақсыздандыру факторы болады.
10. Сондықтан оларды қоғамдық игіліктерді ұдайы өндіру процесіне тарту, олардың қоғамдық қатынастар жүйесіне енуіне және әлеуметтік өмірге қатыстылығын сезінуіне мүмкіндік берудің маңызы зор.

II. ТҮРКПА ЕЛДЕРІНДЕ ӘЛЕУМЕТТІК КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР

Әзербайжан

11. 2021 жылғы 17 қыркүйекте Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі агенттіктің (ШОКДА) және Әзербайжанның Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жанындағы Мемлекеттік жұмыспен қамту агенттігінің қолдауымен «Әзербайжандағы әлеуметтік кәсіпкерлік: ағымдағы жағдай және перспективалар» тақырыбында ШОКДА жанындағы Қоғамдық кеңес ұйымының және «Мүгедек кәсіпкерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігінің әріптестігімен форум өткізілді. Іс-шараға мүдделі мемлекеттік органдардың, кәсіпкерлік және қоғамдық бірлестіктердің өкілдері, Отан соғысының ардагерлері және әлеуметтік кәсіпкерлікпен айналысатын немесе кәсіпкерлік қызметке

қызығушылық танытқан мүмкіндіктері шектеулі адамдар қатысты. Форумда әлеуметтік кәсіпкерліктің маңыздылығы, Әзербайжанда осы саланы дамыту және ілгерілету бағытында атқарылған жұмыстар туралы пікір алмасылды.

12. ШОҚДА мәліметтері бойынша, 2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысу үшін тіркелген кәсіпкерлердің 21,3%-ын әйелдер құрады. Бакуде және Әзербайжанның түрлі өңірлерінде кәсіпкерлерді оқыту, олардың білімі мен дағдыларын кеңейту, сату нарықтары мен қаржы ресурстарына қол жеткізу саласындағы ШОҚДА қызметі мен қолдауын пайдаланған азаматтардың 30%-дан астамын әйелдер құрады.
13. 2021 жылы Мемлекеттік жұмыспен қамту агенттігі мен Әзербайжанға Біріккен көмек (ӘБК) ұйымы бірлесіп жүзеге асырып жатқан «Менің мектебім» жобасы аясында Баку, Шамахи-Исмайылли және Масалли-Джалилабад-Биласувар шағын және орта кәсіпкерліктерінің әйелдері үшін тренингтер өткізілді. Тренингтер барысында жобаға тартылған 65 әйелге ШОБ сарапшылары өнімдер мен қызметтердің өзіндік құнын, тауарлар тобын есептеу, инвестициялық жоспарды, кірістер мен шығыстар жоспарын, пайда мен шығын туралы есептерді дайындау, басқа да шығындарды жоспарлау және бизнес жоспарын әзірлеу бойынша ақпарат берді.
14. Әзербайжандағы әлеуметтік жобалардың бірі – «Гүлденген Абшерон». Жобаның мақсаты «Өзін-өзі жұмыспен қамту» саясаты аясында жергілікті халықтың көбірек табыс алуына қолдау көрсету арқылы отбасылық шаруашылықтардың дамуына үлес қосу болып табылады. Жоба аясында Баку қаласының жанындағы қалалар мен ауылдарында тұратын отбасыларға өсіру үшін әртүрлі өсімдіктер таратылып, біраз уақыттан кейін бұл өсімдіктер сол отбасылардан олардың көрсеткен қызметі үшін ақы төлеп, қайтарып алынады. Отбасылар өз аулаларында үйлерінен шықпай-ақ егін өсіру арқылы қосымша табыс тауып, отбасылық бюджетті қамтамасыз етуде. Атап айтқанда, абаттандыру жұмыстарында пайдаланылған өсімдіктер косметикалық және фармацевтикалық өнімдер мен майлар өндірісінде қолданыла бастады.
15. «Жастар іскерлік шеберханасы» деп аталатын жобаның мақсаты кәсіптік білім беру орталықтарында оқитын жастардың іскерлік дағдыларын дамыту, кәсіпкерлік белсенділікке жәрдемдесу, өзін-өзі жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету, микро және шағын кәсіпкерлер арасында

кәсіптік білім алған жастардың санын арттыру, жаңа бизнес бастамаларды қолдау, кәсіптік-техникалық білімге деген қызығушылықты арттыру болып табылады. Жоба аясында тігінші, өсімдік және мал шаруашылығы, кілем тоқу, агротехникалық қызмет көрсету, ағаш ұстасы, слесарь, аспаз, кондитер, туризм және дәнекерлеуші мамандықтары бойынша кәсіптік оқуларға тартылып, «Өзін-өзі жұмыспен қамту» бағдарламасы шеңберінде микробизнес құру үшін тиісті құрал-жабдықтар ұсынылатын болады.

16. Мүгедектерді және әлеуметтік осал топтарға жататын адамдарды қоғамдағы өз орындарын табулары және әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту мақсатында «Мүгедек кәсіпкерлерді қолдау» жобасы іске қосылды. 2021-2023 жылдар кезеңін қамтитын жоба аясында мүмкіндігі шектеулі және кәсіпкерлік қызметке қызығушылық танытқан жандар кілем тоқу, киім тігу, фото және бейне операторлар, тұрмыстық және электронды жабдықтарды жөндеу бойынша кәсіби білім алады. Осы мақсатта жобаның серіктестері Масалли өнеркәсіптік аймағында кәсіпкерлік қызметті басқару және дамыту саласында кәсіби тренингтер, бизнес-жоспар дайындау, кеңес беру қызметтерін көрсетеді. Тиісті тренингтерден сәтті өткен адамдарды Мемлекеттік жұмыспен қамту агенттігі «Өзін-өзі жұмыспен қамту» бағдарламасы шеңберінде тиісті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ететін болады.

Қазақстан

17. 2021 жылғы 24 маусымнан бастап Қазақстанда әлеуметтік кәсіпкерлік саласы заңды түрде реттеледі. «Әлеуметтік кәсіпкерлік туралы» Заңға сәйкес өз кәсіпорындарында жұмыс орындарының жалпы санының кемінде 50%-ы мөлшерінде азаматтардың әлеуметтік осал санаттары үшін жұмыс орындарын құрған немесе халықтың әлеуметтік осал топтарына арналған тауарларды өндірген, оларды сату кезінде олардан алынған табыс кәсіпорынның жалпы табысының кемінде 50%-ын құраған немесе әлеуметтік қызметтерді, оның ішінде денсаулық сақтау, білім беру, тәрбиелеу, мәдениет және спорт саласындағы қызметтерді көрсеткен кәсіпкерлік субъектісі әлеуметтік кәсіпкерлік субъектісі мәртебесін ала алады. Бұл мәртебе кәсіпкерлерге инфрақұрылымды қамтамасыз ету, гранттық қаржыландыру, несие мөлшерлемелерін субсидиялау, мүліктік қолдау, салықтық жеңілдіктер, оқыту, ақпараттық

қолдау, іскер серіктестер табуға көмектесу, акселерациялық бағдарламалары арқылы даму бойынша мемлекеттік қолдау шараларын алуға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мәліметінше, қазірдің өзінде 100-ге жуық компания жеңілдетілген салықты пайдаланады.

18. 2022 жылдың басынан бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерін тіркеуге арналған электрондық платформаны іске қосты. Электрондық тізілім төрт санат бойынша әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерін қамтиды, олардың үшеуі мүгедектер, көп балалы және толық емес отбасылардан шыққан азаматтар, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған азаматтар және басқалары сияқты халықтың әлеуметтік осал топтарын жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету, солар өндірген тауарларды өткізуге жәрдемдесу жолымен қолдауға бағытталған, ал төртіншісі – қоғамға пайдалы мақсаттарды орындауға және экономика салаларындағы әлеуметтік мәселелерді шешуге қол жеткізуді көздейді.
19. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің деректері бойынша, Қазақстанда салық заңнамасында әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдау үшін бірқатар ынталандыру шаралары көзделген. Мысалы, 51% мүгедек жұмыс істейтін субъектілер корпоративтік табыс, әлеуметтік және жер салықтарынан босатылып, мүлік салығын есептеуде жеңілдіктерге ие. Бұдан басқа, кез келген кәсіпкер үшін салық жүктемесі мүгедектерге төленетін жалақы сомасынан 2 есе және мүгедектерге төленетін еңбекақы мен басқа да төлемдерге әлеуметтік салық сомасынан 50%-ға төмендетіледі. Сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі тұлғалар да жеке табыс салығын төлеуден босатылады. Қазіргі уақытта Қазақстанда 674 мыңға жуық мүмкіндігі шектеулі адам тіркелген, олардың 3%-дан азы жұмысқа орналасқан.
20. 2020 жылы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің деректері бойынша «Парыз» әлеуметтік жауапкершілік бизнес-байқауы шеңберінде, оның ішінде «Қазақстанда іске асырылған үздік әлеуметтік жоба» номинациясында 309 компания марапатталған. Сонымен қатар, сол жылы Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында 460 млн. теңге сомасына 364 грант берілді.

Қырғызстан

21. Қырғыз Республикасы Министрлер Кабинетінің 2021 жылғы 1 маусымдағы № 20-р қаулысымен Қырғыз Республикасында Әлеуметтік кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығын (бұдан әрі – ӘККҚО) құру тәртібі мен шарттары бекітілді. Қырғыз Республикасы Министрлер Кабинетінің аталған қаулы шеңберінде 2021 жылғы 25 қарашада Бішкекте ӘККҚО іске қосылды. Басқару жүйесінің міндеттері мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары және қаржы институттары (жеке және заңды тұлғалар) көрсететін мемлекеттік және өзге де қызметтерді сапалы және уақтылы алуға үйрету арқылы салықтық әкімшілендіру рәсімдерін жеңілдету, лицензиялар беру, кәсіпкерлердің құзыреттері мен дағдыларын дамыту болып табылады. Алдағы уақытта мұндай ӘККҚО Ош қаласында және елдің басқа өңірлерінде ашылады деп күтілуде.
22. 2022-2026 жылдарға арналған Әйелдер кәсіпкерлігін қолдау мен дамытудың бағдарламасы Қырғыз Республикасы Министрлер Кабинетінің 2021 жылғы 17 қарашадағы № 270 қаулысымен бекітілген. Еуропалық Қайта құру және даму банкі (ЕҚДБ) алдағы бес жылға несие беру арқылы әйелдер кәсіпкерлігін қолдауды жоспарлап отыр. Атап айтқанда, ЕҚДБ әйелдер басқаратын компанияларды одан әрі несиелеу үшін Қырғызстанға 12 миллион АҚШ долларын бөлуді жоспарлап отыр. Сонымен қатар, тағы 1 миллион доллар кәсіпкерлерге бизнестерін дамыту үшін жергілікті консультанттар мен халықаралық сарапшылардың тәлімгерлігіне қол жеткізуге мүмкіндік береді. Әйелдер кәсіпкерлігін қолдау Қырғызстанда Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту жөніндегі 2022-2026 жылдарға арналған жоба шеңберінде жүзеге асырылатын болады.
23. Кәсіпкерлерді төмен пайыздық ұзақ мерзімді ақшамен қамтамасыз ету үшін жалпы жарғылық капиталы 66 миллион АҚШ долларын құрайтын Қырғыз-Өзбек және Қырғыз-Мажарстан даму қорлары сияқты даму қорлары құрылды.
24. 2021 жылғы 6 желтоқсанда қабылданған Қырғыз Республикасы Президентінің жарлығына сәйкес Қырғыз Республикасының Министрлер Кабинеті Қырғыз Республикасының Жогорку Кенешіне табысы 8 миллион сомнан кем кәсіпкерлерді табыс салығынан және басқа салықтардан босату туралы құқықтық құжаттың жобасын енгізді.
25. Қырғыз-тәжік шекарасындағы қақтығыстан зардап шеккен Баткен облысындағы әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік қолдау

көрсету мақсатында Қырғыз Республикасының Президенті «Тұрақты шаралар туралы» жарлыққа қол қойды. Осы жарлыққа сәйкес Қырғыз Республикасы Министрлер Кабинетінің 2021 жылғы 6 тамыздағы № 115 қаулысы қабылданды. Аталған қаулыға сәйкес Министрлер Кабинеті Баткен облысындағы 76 әлеуметтік кәсіпкерге 14 505 000 сом көлемінде біржолғы өтемақы төледі және осы шарттарда зардап шеккен әлеуметтік кәсіпкерлерге 15 200 000 сом бюджеттік несие берілу міндеттелді.

Түркия

26. Түркияның Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі (бұдан әрі – ЕХӘҚМ) қоғамның барлық топтарының, әсіресе әйелдердің, жастардың, мүгедектердің және ерекше саясатты қажет ететін басқа да топтардың тең мүмкіндіктермен жұмысқа орналасуын қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды жүргізеді. Осы тұрғыда еңбек нарығының құрылымдық мәселелерін шешу мақсатында ЕХӘҚМ еңбектену бойынша барлық мүдделі тараптардың қатысуымен (2014-2023 жылдарға арналған) Жұмыспен қамтудың ұлттық стратегиясын дайындады.
27. Әйелдерді жұмыспен қамтуды ұлғайту және олардың еңбек нарығына кіруіне кедергілерді жою мақсатында ЕХӘҚМ саяси, жобалық және ақпараттандыру бойынша зерттеулер жүргізеді. Сонымен қатар, Еуропалық Одақтың қосылу кіруге дейінгі көмек көрсету құралы (КДККҚ) қаржыландыратын және 2016-2017 жылдар аралығында жүзеге асырылған «Қолайсыз жағдайдағы адамдардың әлеуметтік интеграциясы және жұмысқа орналастыру мүмкіндіктерін жақсарту жөніндегі жобаның» гранттық құрамдас бөлігі бойынша 137 жобаға жалпы сомасы 23 миллион Еуро аударылып, оның 5 миллион Еуросы әйелдерді жұмыспен қамтуға және олардың әлеуметтік интеграциясына байланысты 30 жобаға бөлінді.
28. Еңбек нарығының қажеттіліктерін, үміттерін және проблемаларын ескере отырып, жастарды жұмысқа орналастырудағы кедергілерді жою және олардың қазіргі және болашақтағы еңбек нарығына қатысу үшін дағдылары мен білімдерін жан-жақты дамытуға мүмкіндік беру мақсатында 2021-2023 жылдарға арналған Жастарды жұмыспен

қамтудың ұлттық стратегиясы (ЖЖҚҰС) және іс-шаралар жоспарлары әр түрлі ұйымдардың, соның ішінде тиісті мемлекеттік органдардың, кәсіби ұйымдардың, әлеуметтік серіктестердің, университеттердің және үкіметтік емес ұйымдардың қатысуымен дайындалды.

2023 жылға арналған стратегиялық құжаттың негізгі мақсаттары:

- 2020 жылы 25,3%-ды құраған жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейін 2023 жылға қарай 17,8%-ға дейін төмендетуді;
- 2020 жылы 39,1%-ды құраған жастардың еңбек ресурстарына қатысу деңгейін 2023 жылға қарай 46%-ға дейін арттыруды;
- 2020 жылы 28,3% болған біліммен де, жұмыспен де қамтылмаған жастарды 2023 жылы 20%-ға дейін төмендетуді көздейді.

29. «Жұмыспен қамтуды қосымша ынталандыру» шеңберінде, егер жеке сектордағы жұмыс беруші жұмысқа алатын болса, өткен жылдағы сақтандырылған адамдардың орташа санына қосымша жұмыс істейтін әрбір сақтанушының барлық жарналары мен салықтарын мемлекет өтейді. Осы тұрғыда ай сайынғы қолдау бір сақтандырылған адамға 1556,53-тен 3792,47 түрік лирасына дейін беріледі. Егер жұмысқа жастар (18-25 жас), әйелдер мен мүмкіндігі шектеулі азаматтар қабылданса, онда жәрдемақы төлеу мерзімі 18 айды құрайды.
30. 2011 жылдан бастап «Әйелдерді, жастарды және кәсіби біліктілік куәліктерінің иелерін ынталандыру» бағдарламасы шеңберінде әлеуметтік қамсыздандыруға арналған жарналардағы жұмыс берушінің үлесі 6 айдан 54 айға дейінгі мерзімде төленуге жататын табыстың жоғарғы шегіне дейін (733,39-дан 5500,41 түрік лирасына дейін) өтеледі.
31. Іскерлік клубтар – бұл әйелдер, жастар, мүгедектер, ұзақ уақыт бойы жұмыссыздар, бұрын сотталғандар және т.б. сияқты ерекше саясатты қажет ететін топтарға әдістемелік және мотивациялық қолдау көрсетуге бағытталған қарқынды іскерлік және кәсіби кеңес беру бағдарламасы. 2017 жылдың басында қолданысқа енгізілген Іскерлік клубтар жобаларының 2021 жылдың соңына дейін бүкіл Түркия бойынша жайылуы жоспарланған.
32. Түркияда мүгедектерді мемлекеттік секторда жұмысқа орналастыру квотасы 4%, жеке секторда 3% құрайды; бұрынғы сотталғандар үшін 2% жұмысқа орналастыру квотасы қолданылады.
33. Мүгедектерді жұмысқа орналастыру бойынша коучинг – мүгедектердің жұмысқа ауысуында және жұмысқа орналасу кезінде олардың жұмысқа бейімделуін қамтамасыз етуде, демек, мүгедектерді жұмыспен

қамтудың тұрақтылығын қамтамасыз етуде тиімді қолданылатын әдіс. Жұмысқа орналастыру және кәсіптік даярлау жөніндегі консультанттарды жіберу шеңберінде қазіргі уақытта Түркияның 51 провинциясындағы 73 бөлімшеде мүгедектерді жұмысқа орналастыру жөніндегі 265 коуч консультациялық қызметтер көрсетеді.

34. Мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған гранттық қолдау аясында өз ісін ашқысы келетін мүмкіндігі шектеулі адамдарға 65 мың түрік лирасына дейін гранттық қолдау көрсетіледі. 2014 жылдан бері 3198 мүмкіндігі шектеулі адамға өз ісін бастауға жағдай жасалды.

    Осы тұрғыда көрсетілетін қолдаулар келесідей:

    - құру операцияларын қолдау: жұмыс орнын құру үшін жасалған ресми транзакциялар, мақұлдаулар, рұқсаттар, лицензиялар сияқты шығындар үшін 5000 түрік лирасына дейінгі қаражат;

    - операциялық шығындарды қолдау: келісім-шартқа қол қойылған күннен бастап 12 ай ішінде кәсіпорын берген шот-фактураға сәйкес операциялық шығындардың (су, электр, байланыс, жылу, жалдау ақысы) 60% аспайтын жылына жалпы сомасы 15000 түрік лирасынан аспайтын қаражат;

    - ұйымдастырушылық қолдау: келісім-шартқа қол қойылған күннен бастап 12 айға дейін жасалған шот-фактура негізінде машиналар, жабдықтар, бағдарламалық қамтамасыз ету, техникалық құралдар, шикізат және аралық материалдар, шығын материалдары, кеңсе тауарлары сияқты кәсіпорынның негізгі саласына байланысты шығындар үшін 45000 түрік лирасына дейінгі қаражат.

III. ҚОРЫТЫНДЫ

35. Қорытындылай келе, ТүркПА-ға мүше елдерде әлеуметтік кәсіпкерлік саласын дамыту бойынша нақты іс-шаралар жүргізіліп жатқанын айта кеткен жөн. Әр елдің бұл салада бірегей тәжірибесі бар және ТүркПА-ға мүше елдердің одан әрі ынтымақтастығы осы қоғамдық институтты ТүркПА өңірінде ілгерілету тиімділігін айтарлықтай арттырады.
36. 2030 жылға қарай әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту Лайықты жұмыс пен экономикалық өсуге (8-ші ТДМ) және Теңсіздікті азайтуға (10-шы ТДМ) қатысты 2030 жылғы кезеңге дейінгі Күн тәртібі мақсаттарының негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді. Осылайша, ТүркПА-ға мүше елдердің болашақ ынтымақтастығының басты мақсаттарының бірі болып, барлық әйелдер мен ерлер, оның ішінде жастар мен мүгедектер үшін толық және өнімді жұмыспен қамтылуға және лайықты жұмысқа

орналасуға, сондай-ақ бірдей құндылыққа ие еңбек үшін тең ақы төлеуге, әрі жасына, жынысына, мүгедектігіне, нәсіліне, этникалық құрамына, шығу тегіне, дініне немесе экономикалық болмаса басқа да мәртебесіне қарамастан барлығының әлеуметтік, экономикалық және саяси құқықтары мен мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге және қамтылуына жәрдемдесуге қол жеткізу болуы тиіс.

37. ТүркПА-ға мүше елдер тұрақты өсу мен экономикалық дамудың маңызды элементі ретінде әлеуметтік кәсіпкерлікті ынталандыру қажеттілігін мойындайды. Халықаралық ынтымақтастық осы саладағы зерттеулер мен әзірлемелерді ілгерілетудегі негізгі ақпараттық алаңдардың бірі болып табылады. Сондықтан семинарлар, конференциялар немесе тәжірибе алмасу бағдарламалары сияқты бірлескен іс-шаралар мен іс-әрекеттер арқылы ТүркПА-ға мүше елдер арасындағы ынтымақтастық пен өзара іс-қимылды кеңейту қажет. Мұндай іс-шараларды ұйымдастыру ТүркПА қызметінің негізгі бағыттарының бірі болып табылатын модельдік заңдарды әзірлеуге және дамытуға ықпал етеді.